

АНЫҚТАМА

Қызылода қаласы бойынша білім бөлімінің «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы КМҚК 2025 I тоқсан қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

«21» мамыр 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы” Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады және оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2025 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы КМҚК-ның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізіледі.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасында жалпы қызметкерлер саны-41. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша - 18, техникалық қызметкерлер-23, соның ішінде 5 қызметкер бала күтімінде.

Педагог шебер - 0, педагог зерттеуші - 0, педагог сарапшы - 3, педагог модератор - 10, жоғары санатты - 0, бірінші санатты - 0, екінші санатты - 0, санатсыз саны - 5, Жоғары білімді - 16, арнаулы орта білімді - 2. Педагогика ғылымының магистрі - жоқ.

Балабақша - 130 орындық, қазіргі таңда 125 тәрбиеленуші бар. 6 топ жұмыс жасайды; 1- ерте жас тобы, 1 - кіші топ, 1 -ортаңғы топ, 2 - ересек топ, 1 - мектепалды тобы. Барлығы электронды түрде өтінішпен қабылданған. Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері қызметкерлерге қатысты арыз- шағымдар түспеген.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

ҚР-ның «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V заңына сәйкес көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, көрсетілген мерзімде білім бөлімі тарапынан мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер тіркелмеген.

1. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы - «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы өтініштер берілмеген.

2. Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет арқылы өтініштер тіркелмеген.

3. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет арқылы өтініштер болмаған.

Келіп түскен сұранымдар бойынша өз мерзімінде жауап беріліп, Заң аясында жұмыстар жүргізілген.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы КМҚК бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау функцияларын іске асыру;

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ. Бақылау функциялары болған жағдайда көрсетіліп, зерделенуі тиіс.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы бойынша 2025 жылдың I - ші тоқсаны бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға атқарылған жұмыс

Қаңтар айы бойынша - 9 590 398 мың теңге,

Ақпан айы бойынша - 9 655 173 мың теңге,

Наурыз айы бойынша - 9 673 551 мың теңге.

2025 жылдың I - ші тоқсаны бойынша 3 ай қорытындысымен 28919122 мың теңге игерілді.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;

2025 жылдың I - ші тоқсанын қорытындысымен «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасына жеке және заңды тұлғалардан өтініштер келіп түскен жоқ.

Сонымен қатар, әр аптаның сәрсенбі «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы меңгерушісінің жеке қабылдау тұрақты өткізіліп тұрады. Алайда, жеке қабылдауға жеке тұлғалардан өтініштер тіркелмеген.

«Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне 1 өтініш келіп түскен. Өтінішке уақытылы жауап берілген.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралып, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылуы фактілері орын алған жоқ. Басқа да мәселелер болған жағдайда қамтылу қажет.

8) Бөлімшенің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер
Мемлекеттік сатып алу бойынша туындаған мәселелер жоқ.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

- Мектепке дейінгі ұйыммен қоштасу кештерін өткізу барысында ата-аналардан ақша жинамау және білім беру ұйымы мен педагог қызметкерлеріне сыйлықтар мен қаржылай сыйлықтар беруге жол бермеу туралы бұйрық шығарылып, ата-аналар жиналысы өткізіліп бұйрықпен таныстырылды.

- ҚР-сы Оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспары негізіндегі талаптар сақталған.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша толық талдау жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды.

Жоғары да баяндалғандардың негізінде «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы КМҚК - нің атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады.

**«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы
КМҚК-ның меңгерушісі**



Н.Есжанова